

Жарқайың ауданы бойынша 2012 жылға арналған субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдердің ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын ауыл шаруашылығы басым дақылдарының әрбір түрі бойынша егіс жүргізудің оңтайлы мерзімдерін анықтау туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 18 сәуірдегі № А-4/233 қаулысы. Ақмола облысы Жарқайың ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 4 мамырда № 1-12-171 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 10 маусымдағы № 04-350 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімі аппаратының 10.06.2013 № 04-350 хатымен).

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасына сәйкес, «А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2012 жылғы 15 наурыздағы № 212 ұсынысы негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарқайың ауданы бойынша 2012 жылға арналған субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдердің ұсыну мерзімдері және субсидияланатын ауыл шаруашылығы басым дақылдарының әрбір түрі бойынша егіс жүргізудің оңтайлы мерзімдері қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д.Ә. Ш ә к і р о в к е жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жарқайың ауданының әкімі *А.Қалжанов*
Ж а р қ а й ы ң а у д а н ы
ә к і м д і г і н і ң 2 0 1 2

ж ы л ғ ы

қаулысына қосымша

**Жарқайың ауданы бойынша 2012 жылға арналған
субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдердің
ұсыну мерзімдері және субсидияланатын ауыл шаруашылығы
басым дақылдарының әрбір түрі бойынша егіс жүргізудің
оңтайлы мерзімдері**

№	Субсидияланатын ауыл шаруашылығы басым дақылдарының атауы	Ауыл шаруашылық дақылдарының оңтайлы себу мерзімдері	Субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдердің ұсыну мерзімдері
1	Орташа кеш пісетін жаздық бидай	12 мамырдан 28 мамырға дейін	29 мамырға дейін
2	Орташа пісетін жаздық бидай	14 мамырдан 1 маусымға дейін	2 маусымға дейін
3	Орташа ерте пісетін жаздық бидай	18 мамырдан 4 маусымға дейін	5 маусымға дейін
4	Жаздық арпа, сұлы	27 мамырдан 5 маусымға дейін	6 маусымға дейін
5	Бұршақ	18 мамырдан 31 мамырға дейін	1 маусымға дейін
6	Ноқат	7 мамырдан 20 мамырға дейін	21 мамырға дейін
7	Күнбағыс май тұқымына	7 мамырдан 20 мамырға дейін	21 мамырға дейін
8	Зығыр	15 мамырдан 31 мамырға дейін	1 маусымға дейін
9	Көпжылдық шөптер мен бұршақ шөптердің көктемгі егісі	7 мамырдан 10 мамырға дейін	11 мамырға дейін
10	Сүрлемдік жүгері	20 мамырдан 25 мамырға дейін	26 мамырға дейін
11	Суданка шөбі	20 мамырдан 30 мамырға дейін	31 мамырға дейін